

МКҚК №53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы
музыка ұйымдастырылған оқу қызметінің
«Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобының
технологиялық картасы

2021-2022 оқу жылы

Орындаған: саз жетекшісі: Турдалиева Ү

Шымкент

Өтілетін күні: 01.09.2021

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызғалдақ» М.А.Д.
Білім облысы: Шығармашылық
Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Менің балабақшам» **Мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. **Міндеттері:** Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор Дәuletкерей шығармашылығымен таныстыру. **Қолданылатын көрнекті құралдар:** күйші Дәuletкерейдің суреті, домбыра аспабы, нота хрестоматиясы. Полилингвальді компонент: білім – знание

ҰОҚ барысы	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекет
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Балаларды музыка залында көңілді қарсы алады. Аманасады. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін, алақандарының жылуын жеткізу.</p> <p>-Міне, бүгін жазғы демалыс аяқталып, оқу іс-әрекетінің басталған күні. Бір жасқа үлкейіп, өсіп, жаңа топқа келіп отырындар. Қадамдарың құтты болсын, дендерің сау болып өсе беріңдер!</p>	<p>Балалар көңілді әуенмен кіреді. Аманасады.</p> <p>Балалар жазғы демалыстары туралы әнгімелеп береді.</p>
2. Негізгі кезең	<p>-Балалар бүгін алғашқы білім күні. Осы кезден дүниені жан жақты тани, көре, сезіне білүлерін қажет. Біздің қазақ халқы кең далада жүріп, қазақтың киелі аспабы-домбырамен ұшқан құстың, табиғаттың, адамның бойындағы түрлі құбылыстарды ұғындыра білген. Күй-қазақтың ертеден келе жатқан аспаптық музыкасы. Музыка тыңдау: "Косалқа" Дәuletкерей.</p> <p>-Балалар, музыка қандай көңіл күйде жазылған?</p> <p>-Күйді ести отырып, көз алдарына нені елестеттіндер?</p> <p>-Күй тыңдай отырып, белгілі бір оқиғаны елестетуге бола ма?</p> <p>Бұл күйде композитор әсем көріністі суреттеген. Сыңғыраған қыздардың шашбауын, сырғаларын, әсем жүрістерін суреттеген.</p> <p>Ән айту: «Білімің – бұлағың» (Т. Коныратбай)</p> <p>-Білім деген сөздің өзі дүниені, әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам - жан-жақты адам. Көп үйрену, көп білу-сауаттылықты арту. Бұлақ-таусылмайтын ағын су. Сондай білімді болу қажет. Ән айттар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, ән айту ережелерін естен шығармайық.</p> <p>Ойын: "Айғөлек". Балалар екі топқа</p>	<p>Балалар домбыра туралы, күй туралы мәліметтер алады.</p> <p>Балалар музыканы тыңдау болғансон, өз әсерлерін жеткізуге тырысады.</p> <p>Балалар білім туралы білгендерін жеткізуге тырысады.</p> <p>Бұлақ сөзінің мағынасын естерінде сактайды.</p>

	<p>бөлініп, қол ұстасып, бір-біріне қарама-карсы тұрады. Жеребе бойынша бір команда ойынды бастайды. Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Ол бала жүгіріп келіп, ұстасқан қолдарын ұзіп өтсе, қолдарын жіберген екі баланың бірін өзімен ала кетеді. Егер қолдарын үзе алмаса, сол топқа қалады. Қай топқа бала көп қалса, сол топ женіске жетеді.</p> <p>Би:"Жұптасу біі". Балалар жүппен қымыл жасап, әуенді тындаитырып, әуенге ілесе қимылдар жасайды.</p>	<p>Балалар екі топқа болініп, ойынның мәтінін әуенмен айта жүріп, ойынды жалғастырады.</p>
3. Рефлексия	<p>-Бүгін қандай күн? -Бүгін қандай музыка тындаудыңдар? -Күй дегеніміз не? --Бүгінгі іс әрекеттің қай түрі сендерге үнайды?</p>	Балалардың жауаптары.

Күтілетін нәтиже;

Жасайды: дауысын дәл келтіріп, әндерді орындаиды.

Түсінеді: қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын.

Қолданады: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындаиды

Әдістер: *Ойын жаңалықтар*

Отілетін күні: 03.09.2021/08.09.2021

Оқу қызметін ұйымдастыруды технологиялық карта

Тобы: «Қызғалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Менің достарым»
Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату Балаларды ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелу.
Көрнекіліктер; Балабақша өміріндегі балалардың қол ұстасқан суреттері, бес сызық, бес сызыққа орналасқан нота суреттері.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесе, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру. Шаттық шеңберін жасау.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өндеген Т. Ломова)</p>	<p>Балалар музыка әуенімен залға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберін жасайды.</p> <p>Балалар нота сауаты туралы мағлұмат алады</p>
2. Негізгі кезең	<p>Музыка тыңдау: "Гүлдерайым". (қазақтың халық әні) - "Гүлдерайым" - лирикалық ән. Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамына. атына, жер-суга арнап ән жазған. Ол әндер ауызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалып, бұл әндер "халық әні" аталып кеткен.</p> <p>Ән айту: «Достық»(Өлеңін жазған: Е. Елубаев; музыкасын жазған: И. Нұсіпбаев)Әннің мәтінін әуенге қосып үрету. Дидактикалық ойын: "Ноталарды үйренейік. Сольфеджио". Балаларға нота туралы мәлімет берсе отырып, нотаның орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру. Би: "Жұптасу би!". Өткен сабактарда үреткен қимылдарды қайталап, жаңадан келесі бөлігін жалғастырып, қорытындылау, есте сақтау. Қын қимылдарды көбірек жаттығу.</p>	<p>Халық әні туралы хабардар болады. Неліктен "халық әні" аталғанын ұғынады, түсінеді. Әннің не туралы айтылғанын түсініп, нота аттарын естеріне сақтауға талпынады.</p> <p>Ойынды түсіне отырып айтуға тырысады.</p> <p>Би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға ұмтылады. Жұптарымен бірге қимылдайды.:</p>
3. Рефлексия	<p>-Бүгін қандай ән тындаадық?</p> <p>-Кім туралы?</p> <p>-Әнде не туралы айтылды?</p> <p>-Музыкада неше нота бар?</p> <p>Атаңдар.</p> <p>-Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі көбірек ұнады?</p> <p>Қорытындылау, бағалау, марарапттау.</p>	<p>Сұрақтарға жауап беруге талпынады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды:. нота туралы мағлұматтарды.

Түсінеді: нота, нота сызықтары туралы түсініктерді.

Қолданады:, достық туралы біледі.

Жүскер: *Асемжанова Г.*

Өтілетін күні: 10.09.2021ж. 15.09.2021ж.

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» «Біздің аспаптар»
Мақсаты: Ересектердің орындаудағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Ұлттық домбырада орындалатын құй жанрымен

таныстыру.**Көрнекіліктер:** Құрманғазының суреті, балалар музыкалық аспаптары: бубендер мен металлофондар,nota хрестоматиясы. Полилингвальді компонент: аспаптар – инструменты

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балаларды музыка залында музыка әуенімен қарсы алады. Амандасады. Шенбер бойымен жүріп, шаттық шенберін жасау.	Балалар музыка үніне ілесіп шенбер бойымен жүреді. Амандасады. Шаттық шенберін жасайды.
2. Негізгі кезең	Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов). Музыка тыңдау: «Балбирауын» (Құрманғазы). Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу. Күйдің шығу тарихын айттып беру. Эн айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алтып, әуенінде таза айтуға ұмтылу. Эн айту: «Балдырғандар эні» (Г. Жотаева). Энді орындалап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелуеу. Энді орындау кезінде бір-бірін тыңдалап, үндесіп айтуға көніл аудару. Билер: «Шабандоздар би» (чех халық әуені). Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындаиды. Жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуды үйретеді. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді	Балалар, әуенінде тыңдалап, ырғакты сезіне жеңіл жүргүре дағдыландырады. Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету. 1-2 такт. Шенбер бойымен қозғалмай тұру. 3-18 такт. Әуенінде шенбер бойымен адымдай басып, жүру. Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шенбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдайды.
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Қандай музыкалық аспаптарда ойнадындар? - Кімге қандай музыкалық аспаптар үнады?	Жалпы іс-әрекеттөн алған әсерлерін айтуға тырысады

Күтілетін нәтиже: Жасайды:.. эннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады

Түсінеді: регистр деген не екенін

Қолданады: ырғакты, мәнерлі қимылдарды орындаиды

Одиссер: *Жаныбек Галымжанова*

Отілетін күні: 17.09.2021ж. 22.09.2021ж 24.09.2021

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Бақшаға барап жол» **Мақсаты:** Балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажыраты білуге үйрету; ән айту кезінде әуенің мағынасын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айтуға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру **Көрнекіліктер:** Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, дабылдар аспабы, картон қағаздан жасалған домбыра, қобыз, сыйбызы, дабыл аспаптары. **Сөздік жұмыс :**Көмек береді", "Бағдаршам" сөздерін пайдалану

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залға кіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады.	Балалар залға кіріп, амандасады, күзгі көріністі көріп тамашалап қызықтайды. Куана келісіп, қатарласып, марш екпінімен жүреді.
2. Негізгі кезең	Музыкалық-ырғактық қимылдар: Музыка жетекшісі оқу қызметін әрі қарай жалғастыру мақсатында Ө.Байділданың «Көңілді би» шығармасы әуенімен балаларды шенберге тұрғызады: - Балалар, шенберді кен, әдемі жасайықшы, міне, жарайсындар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғактық қимылдарды жасауды үйретеді. Ән тыңдау; Музыка жетекшісі балаларды қызықтыру мақсатында: - Балалар, тақтага назар аударайықшы?! - Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсындар? Бағдаршамды. - Бағдаршам не үшін қажет? Жол ережесін бұзбас үшін. - Балалар, жол ережесі дегеніміз не? - Біздің қауіпсіздігімізді қамтамасыз ететін жол тәртібі құралы. - Олай болса, бағдаршам туралы ән тыңдаپ, сол әнді бәріміз бірге тыңдайық. Бота Бейсенованаң «Жол ережесі тәртібі» әні - Балалар, ән қалай аталады? Бағдаршам. - Балалар, әннің әуенін жазған Бота Бейсенова. - Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы	Еркін қимылдар (ерікті қимылдарға шенбермен жүріп келе жатып, қол білесіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындаиды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғактық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

	<p>да қайталап тыңдайықшы!. "Күннің көзі және бұлт" дидактикалық ойыны Ойын шарты: Пьесаны тыңдай отырып, пьесаның мазмұнын (көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәй ғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан) карточкалар арқылы көрсету. - Мысалы, пьесаның мазмұны көңілді болса - күннің көзін, көңілсіз болса - бұлтты, ал жәй ғана орташа болса - күннің көзімен бұлт араласқан карточкаларды көрсетесіндер, түсінікті ме? Ән айту: «Бағдаршам» (С. Қалиев) Билер; «Бағдаршам» би қымылдары</p>	
3. Рефлексия	<p>- Қандай ән тыңдадық, балалар? - «Бағдаршам» әнін - Қандай ойын ойнадық? «Күннің көзі және бұлт» ойынын. - Балалар, бүгін қандай техника түрі туралы білдік? Үтік туралы. Сендерге оқу қызметі ұнады ма? - Оқу қызметі де осымен аяқталды, сау болындар!</p>	<p>Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. Үйренген әндері, тыңдаған әуендері туралы өз ойларын жеткізеді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды:.. шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды..

Түсінеді: ән мазмұнын түсінеді

Қолданады: үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады, аспаптарда ойнайды

Дүйсекер: *Айнур Галебекова*

Отілетін күні: 01.10.2021ж. 06.10.2021ж

Оқу қызметін ұйымдастыруды технологиялық карта

Тобы: «Қызылдак» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. **Көрнекіліктер;** күйші Тәттімбеттің портреті, күзгі жайлауды бейнелейтін суреттер, нота хрестоматиясы.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар музыка залына көнілді, екпінді музыка үнімен кіреді. Үнтаспада көнілді әуен (педагогтің тандауы бойынша). Күй тыңдап тамаша, Әуенге ілесіп, Түрленіп, иіліп, Билейік жараса! – деп балаларға өз беттерінше таныс би қимылдарын орындаپ, билеуді ұсынады	Балалар көнілді әуенмен кіреді. Амандасады. Шеңбер бойымен нық баса адымдап жүреді..
2. Негізгі кезең	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Женіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық музыкасы. Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. (Домбыра) Күйді домбыра аспабында орындаиды. Күй тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Эн айтту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Билер: «Шабандоздар би!» (... Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Куатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді.	Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Эн айттар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенде таза айтуга үмтүлу. Эннің мазмұнына көніл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау. Балалар шеңбер бойымен жүріп, эн мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынга белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Балалар, бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі ұнады?	Балалар көтерінкі көніл қүймен қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтижелер: **Жасайды:** күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындаиды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозгалыстарды өзгертеді.

Түсінеді: күй жанрының ерекшеліктерін.

Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындаиды.

Зерткескер: Амандасады Г.

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Күз сыйы» «Күзгі серуен»
Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.

Қолданылатын көрнекіті құралдар: күзгі бақтың суреттері, нота хрестоматиясы.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен женіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді.	Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қымылдауды үйретді Үрғақты сезіне тербеліп, женіл шенбер бойымен жүреді.
2. Негізгі кезең	Музыка тыңдау: «Қазан» (П. Чайковский). Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарынелестете алғанын сұрау. Эн айттар алдында дауыс жаттығуын жасап алыш, әуенде таза айтуда ұмтылу. Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмаганбет). Педагог әнді орындаиды. Эннің мазмұнына көңілбеліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орында.	Би қымылдарын үйренуді жалғастыру, еске сактауға үйрету.
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадактайтын - Бүгінгі ҮОҚ-дане ұнады?	Балалар сұрақтарғажауап береді. Оқу іс-әрекетінде үйренгендерін еске сактауға талпынады.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: дауысын дұрыс келтіріп, эн орындаиды.

Түсінеді: музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.

Колданады: музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.

Жүлдекер: Әсес ғалантасқа 9.

Өтілетін күні: 15.10.2021ж. 20.10.2021ж

Оқу қызметін ұйымдастыруды технологиялық карта

Тобы: «Қызғалдақ» М.А.Д.

Білім саласы:

Шығармашылық; Бөлім; Музыка. Такырыбы: «Ас атасы нан» Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, қоңіл күйінажырату, әсерлі ренктерін Күзгі бақшада мол астыққа, күз байлығын түсіндіру.

Қажетті құрал-жабдықтар: Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, үлкен, кіші тәтті тоқаштар картотекасы.,

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Оқу қызметі басталысымен балалар И.Соколовскийдің «Марш» шығармасы негізінде залға кіреді. - Балалар, басымызды тік ұстаймыз, еркін жүреміз, адымды кең аламыз. Жарайындар. Балалар музыка аяқталғанша залдың ортасына келіп тұрады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, тақтаға қарайықшы? - Қасиетті нанымыздың суреті, солай ма? - Нанның қандай қасиеті бар, балалар? - Жарайындар, балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. - Бәрекелді! Енді менімен бірге шаттанайық бәріміз: - Шаттанайық бәріміз (балалар қолдарын жанына жаяды), - Жасымыз да, кәріміз (балалар қолдарын жоғары көтереді). - Қасиетті нанымды (балалар қол білезіктерін айналдырады), - Құрметтейік бәріміз! (балалар қолдарын жоғары көтереді).. - Жарайындар, балалар!</p> <p>Музыкалық - ырғакты қимылдар Е. Андосовтың «Біз билейміз»</p>	Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды қайталайды. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркін қимылдар бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындаиды.
2.Негізгі кезең	<p>Музыка тындау: Б. Аманжоловтың «Тәтті нан» Ән салу: «Бауырсақ» әні (әнін жазған: Ә. Бейсеуов) - Қандай керемет, бауырсақтар, қарандаршы, балалар! - Енді әнді тындеймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді тынданып, сұрақтар қояды: - Әнде не туралы айттылады? Бауырсақ туралы. Жарайындар, балалар. - Енді әнді айтамыз. - Әжем келді ауылдан, - Алакай-ау, алақай! - Әже бары жақсы ғой, - Қуанышы балақай! - Ақ қалтасын ақтарып, - Қос қолымен уыстал, - Базарлығым, балам,- деп - Төгіп жатыр бауырсақ. Музыка жетекшісі балаларға әнді тынданып, тағы да сұрақтар қояды: -</p>	

	<p>Әнді жазған сазгер кім? Ә. Бейсеуов. Әнді хор мінбесіне барып ұнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлік қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадагалайды. - Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайындар! Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғактық суретін көрсететін үлкен, кіші тәтті тоқаштарға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады. - Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші тоқаштар» да келді. Музика жетекшісі әннің үш шумағын үш командаға айтқызып, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауга үйретеді. «Bells» музыкалық-диадикталық ойын Ойынның мақсаты: балалардың дауысты дыбыс арқылы ажырата білу қабілетін дамыту. Ойын шарты: әуеннің сипатына қарай қонырауларды пайдалану. Педагог балаларды үш командаға бөледі, балалардың әрқайсысында қоныраудың үш түрі (үлкен, орта және кіші). Егер, кең өлшемдегі әуен естілсе, ойыншылар үлкен қонырауды көтеруі керек, қалыпты әуенге орташа, ал егер тыныш, ақырын ойналатын әуенге кішкентай қонырауды көтеріп, сұлдырылату керек. Билер: Ойындар, хороводтар: Аспасшы бии</p>	<p>Балаларға тоқаштармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шакырады.</p>
3. Рефлексия	<p>- Балалар, қандай ән айттық? «Бауырсақ» әнін. - Балалар, бауырсақтың дәмі қандай? - Бауырсақ қалай дайындалады? - Кәне, балалар, бүгін біз жақсы демалдық! - Оқу қызметі аяқталғанда не айтамыз? Дұрыс, балалар, «Сау болыңыз!» деп айтамыз. - Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрін жақсы қатыстындар! Үнады ма, оқу қызметі? - Жақсы, сау болындар!</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Оқу іс-әрекетінде үйренгендерін еске сақтауға талпынады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: естіген әннің сипатын, екпінін, динамикасын ажыратуды, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуді.

Түсінеді: мәнерлі қимылдарды орындауды, ойынға қатысады, қолшатырмен би билейді.

Қолданады: әуеннің ауыспалы сипатын ажыратуды, әннің көніл күйін өз эмоцияларымен көрсете білуді.

Дүйсекер: Әннің сипатын ажыратуды, әннің көніл күйін өз эмоцияларымен көрсете білуді.

Өтілетін күні: 22.10.2021ж.27.10.2021ж

Оқу қызметін ұйымдастыруды технологиялық карта

Тобы: «Қызылдақ» М.А.Д.

Білім облысыШығармашылық Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Жыл құстары ».

Мақсаты: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту

Көрнекіліктер/материал: құстардың суреті, ойыншық құстар, құстар атрибуттары.

Алдын ала орындалатын жұмыстар: құстарды бақылау, түрлерін ажырату, құстарға ұя жасау.**Сөздік жұмысы:** аққу, көкек, бұлбұл.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Марш әуенімен кіріп, шенбер бойымен тұруды ұйымдастырады. <i>Қолымызды жаяйъқ, Құстай қанат қазайъқ. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова).</i>	Балалар шенбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады.
2. Негізгі кезең	Музыка тындау «Аққу» (Н. Тілендиев, ұнтаспа) Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл» (К. Шілдебаев, А. Асылбек) үйретіп, дұрыс тыныс алударына, дауыс ырғақтарына көніл бөледі. Ән үйрену: «Көкек» (Х. Мұхamedова). Дидактикалық ойын: «Не қалай шақырады?» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) ұйымдастырылады. Балаларға қарға, көкек, шымшық атрибуттары кигізіледі. Ән мазмұнына сәйкес құстар әндептің ұшады, даусын салады. Жүзгендे көлдің сәні өзі, <i>Жердегі құстың серкесi,</i> <i>Көктегі құстың еркесi.</i> Бұл не? Балаларға аққу суретін көрсетеді. Билер: «Тырналар биі» (Д. Абиров):	Дауыс жаттығуын айтқанда дұрыс тыныс алу, әндете созу, дыбыс ұзақтылығын сақтайды.Әннің сипатын ажыратып, шапалақтап көрсетеді.Әртүрлі құстардың дауысын салып, ұшуын қимылмен көрсетеді. Үш топқа бөлініп, ойынды қызыға ойнайды.Ойын шартын сақтап, көнілді ойнап, қызығушылықтары артады. Балалар жұмбақты біріге ойланған шешүге тырысады. Аққу құсы туралы біліп, суретін көреді.
3. Рефлексия	- Қандай құстың даусын ұнатастың? - Сенің ауланды қандай құстар бар? - Құстарға қандай қамқорлық жасайсындар?Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?	Құстар туралы өлең, тақпак, жаңылташ, жұмбақтар айтып, сайысқа түседі. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, құстарға жасаған өзқамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже;

Жасайды:.музыканың эмоциялық мазмұнын жеткізу, күйші-композитор Н.Тілендиев туралы түсінік алу..

Түсінеді: құстар туралы біліп, мағлұмат алады., "Аққу" биінің элементтерін игереді.

Зерткесе: Айнур Маметова

Отілетін күні: 29.10.2021ж. 03.11.2021ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Эуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта

ойнауға дағдыландыру. Отбасы мүшелеріне деген сыйластықты дамыту.

Көрнекі құралдар: ұрмалы аспаптар, нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** отбасы

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен женіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.	Балалар би қимылдарын әуенмен үйлестіре билейді.
2. Негізгі кезең	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шенберге тұр» (Л. Бетховен Кіріспе әңгіме). Балалармен отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. - Сендер отбасы дегенді қалай түсінесіндер? - Отбасы мүшелеріне кімдер жатады және олар қайда тұрады?</p> <p>Музыка тыңдау: «Жан анам» (Е. Өміров). Әнді тыңдал, әнде кім туралы айтылып отырғанын сұрау. - Сендер аналарыңа қандай көмек көрсетесіндер? АナンЫҢ ЕҢБЕГІ ТУРАЛЫ БАЛАЛАРҒА ТҮСІНДІРУ. Ән айттар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенде таза айтуга ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нұсіпбаев). Педагог әнді орындал, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуга үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенде дұрыс бере білу. Әннің мазмұнына тоқталып, әуенде дұрыс айтудына көніл аудару.</p> <p>Билер:). Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шенбер бойында жүріп әндетіп сұрақ қойып, оған жауап береді. Төлдердің қылышына лайық қимылдар жасайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). Педагог шығарманы</p>	<p>). Балалар шенберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.</p> <p>Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады. Женіл, құстарға тән қимылдар жасайды. Екі шенберде жүруді үйренеді.</p> <p>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>

	орындалап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу кызметінде кімдермен таныстық? - Θз отбасың туралы не айта аласың	Оқу іс-әрекетінде өткен, үйренген әндер, әуендері туралы қызыға әнгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: эн орындейдьы, музыканың сипатына сәйкес қимылдар жасайды.

Түсінеді: эн мазмұнын түсінеді.

Қолданады: үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады, аспаптарда ойнайды

Әдістер: Өзінші жағымдағы 9.

Отілетін күні: 05.11.2021 ж 10.11.2021 ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Жиһаз» «Бесік жыры»
Мақсаты: Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету. Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу.

Көлданылатын көрнекі құралдар: сырлдырмақ, қоңырау, тұяқтас, металлофон т.б.

аспалтар,nota хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** бесік жыры

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.	Балалар би қимылдарын әуенмен үйлестіре билейді.
2. Негізгі кезең	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева). Балалар шенбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аудың жүрісін салып, корбандал жүреді. Балаларға интерактивті тақтадан «бесікке салу» рәсімдерімен таныстыру. Бесікке салудың қандай пайдасы бар екенімен таныстыру. Бесікті не үшін аластайтынын айта кету. Бала ұйықтар алдында айтылатын әнді «Бесік жыры» дейміз</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов). - Бесік жыры қалай орындалады? - Бесік жыры қүннің қай мезгілінде орындалады?</p> <p>Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нұсіпбаев) Педагог әнді орындал, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Куатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шенбер бойымен тұрады. Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдал алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншак» (С. Урбах). Педагог шығарманы орындал, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	Эн айту ережелерін еске түсіріп, баяу, бірқалыпты, дауысты көтермей айту. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенде дұрыс бере білу сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту

3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? - Бала үйиқтар алдында қандай ән орындалады?	Оқу іс-әрекетінде өткен, үйренген әндер, әуендері туралы қызыға әңгімелейді.
---------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: жақсы таныс әнді музикалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындаиды.

Түсінеді: музикаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау. **Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады

Дүйнегер: *Менің мәдениетімдегі әндердің мәдениеттік манасын сипаттауда.*

Өтілетін күні: 12.11.2021ж./17.11.2021ж.

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызылдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Техника және біз» "Комбайнышы"

Мақсаты:.. Балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажыратады. Балалардың комбайнышы туралы әнді тыңдалап, әннің сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка **Көрнекілік материалдар** Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура. **Сөздің жұмыс;**"Комбайнышы", "комбайн", "кәсіп", "мамандық", "қызмет", "егістік" сөздерін пайдалану. **Көрнекілік материалдар;** Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура. Әр балаға арналған балға.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар оқу қызметінің басында залға В.Тюлькановтың «Марш» шығармасы («Марш» В.Тюльканова) әуенімен адымдалап кіреді. Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйін көтеру үшін: - Міне, жарайсыңдар! Денемізді тік, еркін, басымызды тұзу ұстаймыз. Керемет, жарайсыңдар! Арамыздағы арақашықтықты сақтаймыз.	Балалар зал бойымен шенбер жасап, ортаға келіп тоқтайды.
2. Негізгі кезең	Музыкалық - ырғақты қимылдар. Музыка жетекшісі: - Балалар, алдымен кен, әдемі шенбер жасап алайық, музыка басталғанда менімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз. Н.Шахинаның «Қандай ырғақ?» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шенберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Күй тыңдау; «Келіншек» күйі, Музыка жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады: - Балалар, тақтаға назар аударайықшы?! - Балалар, мына суреттен кімді көріп тұрсыңдар? - Балалар, суретте адамдар не істеп тұр? - Келін түсіріп жатыр, солай ма? - Балалар, жаңа түскен келінді қазақта қалай атайды? - Жаңа түскен келінді қазақта келіншек деп "Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны. Ойынның мақсаты: Әуенде тыңдалап, ноталарды дұрыс орналастыруға	Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін тұзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-тік өлшемде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыка жетекшісі өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады. Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру манызды

	<p>үйрету. Ойынның шарты: Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындал береді, екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді. Ән салу. Д. Ботбаевтың «Комбайыншы боламын» әні. - Балалар, комбайнды көргендерің бар ма? Мына суреттегі комбайн, солай ма? - Комбайн жүргізетін адам туралы не білесіндер? - Комбайн жүргізетін адам комбайыншы деп аталады. - Комбайыншы кәсіп иесі бола ала ма? - Комбайыншы егістікте жүретін нағыз керек маман иесі. - Комбайыншы егістікте жүріп астық орады, жинайды, қамбаға апарады. - Балалар, комбайыншы туралы ән де бар екен, сол әнді айтып, үйренейік.</p> <p>Билер: Бидаймен бии Қазір балалар, бәріміз құрылышы боламыз. «Музыкалық балға» музикалық-дидактикалық ойын. Ойын шарты: Ән-күй жетекшісі балаларға музыкалық балғаны таратады, балаларға карточкадағы көрсетілген ырғакты музыкалық балғамен бірге соғуға ұсынады.</p>	екендігін ескертеуді
3. Рефлексия	<p>Оқу қызметінің соңында музыка жетекшісі: - Балалар, бүгін оқу қызметі көңілді өтті, солай ма, балалар? Иә. - Сендерге оқу қызметі ұнады ма? Иә. - Қандай күй тыңдадық? «Келіншек» күйін. - Қандай ән айтуды үйрендік? «Комбайыншы» әнін. - Қандай ойын ойнадық?</p>	Балалар ойынға қызыға қатысады, есіне түсіреді.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: музыкалық шығармаларды тыңдал, сипатын ажыратып білу керек.

Түсінеді: Әнді мәнерлеп айта біледі.

Қолданады: музыканы тыңдал, би ырғактарына қимылдауды.

Зерткескер: Айнур Гюлшатова 9.

Өтілетін күні: 19.11.2021ж.24.11.2021ж./2611.2021ж/қайталау/

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Дені саудың жаны сау» «Көңілді ырғактар»

Мақсаты: Музыка сипатын ырғакты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғакты жүгіріспен беру.

Көрнекіліктер: би жанрлары, бишілердің суреттері бейнеленген иллюстрация, балалар музикалық аспаптары - бубендер мен металлофондар, нота хрестоматиясы.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар музыка залына көнілді әуенімен кіреді. Жұру, жүгіру. Музыкалық-ырғактық құмылдар: «Биімді қайтала» (ұнтаспада, педагогтің таңдауымен)..	Балалар әдеттегідей үйренген ырғактарымен дene жаттығуынжасауға талпынады. Бірі бірге қосылып, сәлемдеседі.
2. Негізгі кезең	<p>Музыка тыңдау: «Вальс» К. Шілдебаев, «Полька» М. Красев, «Қамажай» халық әуені (өндеген Н. Мендіғалиев). Балаларға би туралы мәліметтер беріп, бидің түрлерінен үзінділер тыңдату. Билер ұлттық билер, көнілді полька биі, шыр айнала билейтін вальс болып бөлінеді. ал «Қамажай» – қазақ халқының ұлттық биі екендігін түсіндіру.</p> <p>Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Ән орындау кезінде айғайламай, бір-бірін тыңдалап, үндесе айтуды қадағалау.</p> <p>Билер: «Жұптасу би» (чех халық әуені). Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім? (А. Райымқұлова) Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың ойынға белсene қатысуларын қадағалау. Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындалап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>Балалар шенбер бойымен тұрады, ұнтаспада «Буги-буғи», «Егер саған ұнаса» т.б. би әуендері ойналып, ортаға шыққан бастаушы-«бишінің» құмылдарын дәл қайталау</p> <p>Вальс биінде жұптасып, қалықтап айналып билейді, полькада аяқты тізеден көтере жеңіл секіреді, Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенде таза айтуда ұмтылады. Би қимылдарын еске түсіру, еркін, өз беттерімен орындауға баулайды.</p>

3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. - Бүгінгі күніміз өте көңілді болды. - Бәрің өнерлі екенсіндер, жарайсындар!	Балалардың жауаптары тындалады.
---------------------	---	---------------------------------

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындаиды. **Түсінеді:** бидің вальс, полька, халық биі сияқты жанрлары болатынын. **Колданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындаиды.

Зерткіш: Амангельдинова Г.

Өтілетін күні: 03.12.2018ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д..

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: "Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)"

Мақсаты: Ересектердің орындаудың музикалық пьесаларды тындау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату, Еліміздің рәміздерін қастерлей, бағалай білуге тәрбиелеу. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** Елтаңба, Ту суреттері, асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас ұлттық аспаптары; үнтаспа, диск, нота хрестоматиясы.

Полилингвальді компонент: рәміздер

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>«Жаса, Қазақстан» әні (үнтаспада) балалар залға кіреді, таныс би қимылдарын орындаиды. Музыкалық-ырақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өндеген Т. Ломова). Музыка ойнағанда екеуден жұптасқан күйі жеңіл, тізені көтере секіре айналады.</p>	<p>Балалар жалаушамен жүруді, қатарға түруды менгереді, шенбермен жүріп, жаттығу жасайды. Өздері білетін ел туралы, жер туралы. Отан туралы мақал-мәтелдерін айтады.</p> <p>Герб пен ту жайлы тақпактар айтып береді.</p>
2. Негізгі кезең	<p>Музыка тындау: Қазақстан Республикасының Гимні». Музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов. Сөзін жазғандар Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров). Балалармен еліміздің рәміздері туралы әңгіме өткізу. Елтаңба, Ту суреттерін көрсету. Әннің мәтініне, сипатына назарларын аудару. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенде таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова). Педагог әнді орындалап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай). Балалар қосылып, бір-бірін тындалап, үндесе</p>	<p>Балалар, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенде дұрыс бере алады.</p> <p>Әнді айту кезінде жігерлі орындауға, бір-бірін тындалап үндесе айтуға көңіл бөледі.</p> <p>Сөздеріне мән беріп, әуенін таза айтады.</p> <p>Үлдардың қатысуымен би қимылдарын жасау, би элементтерін біркелкі, мәнерлеп орындауға дағдыландырады.</p>

	ойнауга талпынады. Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану.	
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадактайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? - Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?	"Елім менің", "Қазақстан жалауын" тыңдадық Біз гербімізben, Тұымызben мақтанамыз.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: ән айту дағдыларын; дауысын дұрыс келтіріп орындайды.

Түсінеді: кіріспе музықадан кейін ән айтуды бастау.

Қолданады: халық биін және мәнерлі қимылдарды орындайды, қазақтың ұлттық аспаптарында ойнайды .

Дүйнекер: Әннен жаңа дағылар болады.

Өтілетін күні: 8.12.2021ж.

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

БөлімМузыка

Тақырыбы: «Тәуелсіздік Қазахстан» Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату Балаларға тәуелсіздігіміз жайында мағұлмат беру, және ән арқылы туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін ояту. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** Елтаңба, Ту суреттерібубен, қоңырау, металлофон; нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** Елім менің

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Кыздар гүлдермен, ұлдар жалаушамен "Елім менің" әнімен музыка залына кіреді. Екінші шумағында ырғакпен онға, солға тербетіледі. Артқа, алға аяқтарымен қозғап, жалаушамен ырғакты сезінүін, қимылдауын ұсынады. Үшінші шумағында қыздар шенбердің ішінде, ұлдар шенбердің сыртында, қыздар онға, ұлдар солға айналып жүреді, әннің соңында бәрі орнына келіп бітіреді.</p>	<p>Балалар бірінің артынан бірі куріп, үш қатарға тұруға талпынады.</p> <p>Балалар әнді тыңдал, ырғакпен қимылдарды жасауға тырысады.</p>
2. Негізгі кезең	<p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өндеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шенбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету.. Музыка тыңдау: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова). Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова). Педагог әнді орындал, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.</p> <p>Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді... Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындал, балалардан музыка ырғағына сай қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Бубен, қоңырау, металлофон аспаптарын</p>	<p>Балалар өлеңді мұқияттыңдаиды.</p> <p>Балалар құралдарды өз орнына әуенмен жүріп қоюға тырысады Басқа балалар әнді тыңдайды.</p> <p>Балалар алдын ала дайындаған рөлдерін жақсы көрсетуге тырысады. Балалар шенбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді ейді.</p> <p>Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды</p>

3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Балалар қолданады., бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі ұнады? - Қандай музика тындаудыңдар? - Шығарманың көніл күйі, сипаты қандай екен	Балалардың жауаптары тындалады.
---------------------	--	---------------------------------

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** ырғакты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды.

Түсінеді: әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. **Қолданады:** үйренген би қимылдарын әуенге ілесе отырып қолданады.

Зерткеш: Әннің қимылдарын әуенге ілесе отырып қолданады.

Өтілетін күні: 10.12.2021ж. 15.12.2021ж 22.12.2021ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызылдак» М.А.Д..

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка **Тақырыбы.** «Алақай, қыс келді»**Мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** композитор Б. Дәлденбайдың суреті, музыкалық аспап металлофон, нота хрестоматиясы.

Полилингвальді компонент: қыс – зима

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Музыка залына көңілді әуенмен келіп, шенбер бойымен жүріп, жеңіл музыка әуеніне сәйкес би қимылдарын орындаиды.</p> <p>Педагог тақпақ оқиды.</p> <p>Шаңғы, шана сайла, Конъкинді байла. Думандатып ойна, Қыс қызығын тойла! Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әнгіме өткізу</p>	"Сәлемдесу жаттығуына" қосылады. Балалар марш музикасымен шенберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қолды сермен, ырғақпен жүреді.
2. Негізгі кезең	<p>Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету. Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау. Әннің көңіл күйін сұрау.. Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова). Алдымен педагог әннің әуенін өзі орындалап, балаларға үйретеді.</p> <p>Билер: «Қоян би» (В. Питерцев). Балалар музыкаға ілесіп қоянның «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарын үйренеді. Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өндеген М. Раухвергер). Педагог ойынның шартын түсіндіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өндеген Т. Попатенко). Педагог шығарманы орындалап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.</p> <p>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін</p>	Ән айттар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылады. Ән айттар алдында балаларға ән айту ережелерін еске түсіреді, 1-4 такт. Балалар әр бағытта жүгіреді. 5-6 такт. Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. 7-8 такт. Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.

	түсіндіреді.	
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Қандай қыскы ойын түрлері үнайды? - Қыс туралы қандай әндер білесіндер?	Балалардың жауаптары тыңдалады. Коштасады

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: ән айтады, әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындаиды.

Түсінеді: айтылатын әннің мазмұнын, мәтінін түсінеді.

Колданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады

Дүйнегер: Әннен бастаптаға 9.

Отылетін күні: 24.12.2021ж.29.12.2021ж 31.12.2021ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Кош келдін Жаңа жыл»

Мақсаты: Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату.

Қолданылатын көрнекі құралдар: бубен, маракас, барабан, қонырау аспаптары; текшелер, аққала, диск, ұнтаспа,nota хрестоматиясы. Полилингвальді компонент: Жаңа жыл

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Балалар көңілді әуенмен музыка залына келіп, шаттық шеңберін жасайды</p> <p>Қарандаршы далаға!</p> <p>Дала - аппақ, ақша қар.</p> <p>Тал мен үйлер қалада</p> <p>Жамылышты ақ шатыр! Жаусын, жаусын, ақша қар Қар лақтырысын балалар! Музыкалық-ыргақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ыргағына сәйкес шеңбер бойында – шырша айналасында би қимылдарын орындау.</p> <p>- Балалар, сендер қыс туралы не білесіңдер? - Қыс несімен ұнайды? - Қандай мерекені тойладындар және оған кімдер, қандай кейіпкерлер келді?</p>	<p>Балалар тыныс жаттығуын дұрыс жасауғатырсады.</p>
2. Негізгі кезең	<p>Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспа). Балалардан музыкадан алған әсерлерін сұрау, ойларын ортаға салып, бөлісу. Ән айттар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуда ұмтылу. Ән айту: "Жаңа жыл" (К. Куатбаев) Әнді педагогтің орындаудынан кейін мазмұны туралы айттып, әннің көңіл</p>	<p>Балалар "Қыс" жаттығуын, "Жаңа жыл" әнін айтуда талпынады. Әнмен шеңберді айналып жүреді.</p> <p>Биді әрі қарай билеуді жалғастыру, қимылдарды синхронды тұрде біркелкі</p>

	<p>күйін ажыратып әңгмелеу.. Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский, ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан).. Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. Педагог ойын шартын түсіндіреді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). Педагог шығарманы орындаپ, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Бубен, маракас, барабан, қонырау аспаптарын қолданып, ырғакты сезіне кезекпен және қосыла ойнауға үрету</p>	<p>жасауға талпындырады,</p> <p>Дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға үйретуді жалғастыру., сөздерін анық айтуда, ән ырғағымен орындауға баулады. Жеке және хормен айтады.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадактайды. - Жаңа жыл мерекесінің қандай ерекшеліктері, қуанышты сәттері бар? - Мерекеге лайық қандай әндер үйрендік?</p>	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындаиды.

Түсінеді: музыканы қызыға тыңдап, сипатын ажыратып, мағынасын түсінеді.

Қолданады: музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды.

Этілек: Өзінші жағымдағы 9.

Отілетін күні: 05.01.2022ж. 12.01.2022ж.

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Такырыбы. «Қыс қызығы»

Мақсаты: Әуенниң би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.

Балаларды аппақ қыс әлемі туралы әннің сипатын түсіне білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру;

Қолданылатын көрнекі құралдар: интерактивті тақта, қыс туралы суреттер, нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** қыс қызығы –қантар"

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар көңілді әуенмен музыка залына келіп, шаттық шеңберін жасайды. Қыс келді, қыс мықты анық, Қайтсе де біз ықпадық. Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынға!	"Сәлемдесу жаттығуына" қосылады.
2. Негізгі кезең	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар би!» (Е. Тиличеева). Интерактивті тақтадан қыс туралы суреттерін көрсету. Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы әңгімелей. Музыка тыңдау. «Вальс» (С. Майкапар). - Балалар, музыканы көздерінді жұмып отырып тыңдауға болады. - Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіндер? - Мұздың үстінде қалықтап сырғанауга болады, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбыңмен билеуге болады. Ән айттар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуда ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нұсіпбаев).</p> <p>Педагог әнді орындалап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. - Әнде не туралы айтылған? - Әннің көңіл күйі қандай? Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.</p> <p>Билер: «Испан би!» («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). Педагог</p>	<p>Балалар музыкаға ілесіп, қорбандалап, аюлардың жүрісін салады.</p> <p>Ауыр қимылданап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады.</p> <p>Балалар жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуға үйретеді.</p>

	шығарманы орындаپ, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Бубен, маракас, барабан, қоңырау аспаптарында әуен ырғағын сезіне еркін ойнауга баулу.	Балалар биге жұптасып қатысады. Қимылдарды анық жасауға ұмтылады.
3. Рефлексия	Балалардың жауабын, жұмысын көріп, мадақтайды.	

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп ән орындаиды, ырғактық бейнесі мен динамикасын дәл береді. **Түсінеді:** вальс музыкасына қандай қозғалыс жасау керек екенін. **Колданады:** пластикалық, ырғакты, мәнерлі қимылдарды орындаиды,

Әдістер: *Оңай жаңаға!*

Отылетін күні: 14.01.2022ж. 19.01.2022ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызғалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка Тәқырыбы: «Қардың пайдасы»

Мақсаты: Вальс музыкасының ыргагын өзге музикалардан ажыратада білуге үмтүлдіру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Қ. Шілдебаевтың суреті, интерактивті тақтадан қысқа көрністерін бейнелейтін суреттер, нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** қар

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Балаларды музыка залында көңілді музыка әуенімен қарсы алу. Айналамда үшіп жүр, Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір Ақ қанатты қәбелек. Музыкалық-ыргактық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өндеген Т. Ломова)</p>	<p>Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе! Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды.</p>
2. Негізгі кезең	<p>Музыка тындау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев). Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру. «Вальс» – би музыкасы, көбіне ол музыкаға жүптасып билейді. - Балалар қысқа көрністерінің бейнелейтін суреттерге көз салындаршы, қандай құбылысты байқадындар? - Казір жылдың қай мезгілі? - Қыс сендерге несімен ұнайды? Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов).. Билер: Қармен бии қимылдарды үйренеді. Ойындар, хороводтар: «Көленке» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдал алады. Бойы қысқа баланың «көленке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көленке» соның қимылын шатаспай кайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орынданап береді. Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өндеген Т. Попатенко). Педагог шығарманы орынданап, балалардан</p>	<p>Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, денені тік ұстап, ережені еске түсіру. Әуенде дұрыс айтуына көңіл аударады</p>

	музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін туғындареді.	
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Бүгінгі оқу қызметінде жылдың қай мезгілін әңгімеледік? Қандай әуенге кимылдар жасадық? Балаларды мадақтау.	Балалардың жауаптары тындалады.

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындаиды. **Түсінеді:** бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланысу. **Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.

Дүйсекер: Әбділғанғашев Ә.

Отілетін күні: 21.01.2022ж.26.01.2022ж.

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Ертегі әлемі» «Музыка әлеміне саяхат»**Максаты:** Балаларға опера, балет

туралы мағлұмат беру. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** ұнтаспа, интерактивті

тақтадан Абай атындағы опера және балет театрының суреттері, әртістердің суреттері,

нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** опера ,балет

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>«Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын» CD) балалар музыка залына кіріп, осы музыка әуенімен қимылдарын жасайды.</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар: «Полька» (М. Красев).</p>	Балаларды шенбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе женіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып женіл секіру
2. Негізгі кезең	<p>Балаларға интерактивті тақтадан Алматы қаласындағы Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратын көрсетіп, ондағы әртістердің суреттерімен таныстыру, балаларға бұл өнердің ең биік шыңы екенін айтып түсіндіру. Музыка тындау: «Қыз Жібек» операсынан үзінді (ұнтаспа, Е. Брусиловский). Балаларға опера туралы мағлұмат беру. - Сендер фильм көргенде сөздерін тындалап түсінесіндер, ал операда барлық көріністерін әнмен көрсетеді.</p> <p>Қайғылы оқиғаны да, көңілді оқиғаны да ән арқылы жеткізеді. Ал балет өнерінде барлық құбылыстарды би арқылы көрсетеді. Ол үшін олар көп дайындалады, еңбектенеді. Ән айттар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев). Әнді көңілді,</p>	Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлөнеді. Ән айттар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей, бір-бірін тындалап айтуды айтады

	<p>сөздерін таза, анық айтуға көніл бөлу. Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қымыл жасауға ұмтылдыру. Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үшікте тұратындар біртіндеп өз музикалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды. Музикалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер). Педагог шығарманы орындағанда, балалардан музика ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінде музыканың қандай жанрымен таныстық? - Алматыдағы опера және балет театры кімнің есімімен аталған?</p>	<p>Балалар көтеріңкі көніл күймен топтарына тарайды</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: музика ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындаиды.

Түсінеді: опера, балет туралы түсініктерді.

Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынга катысады.

Дүйнегер: *Олеңіл жаңашаға 9.*

Өтілетін күні: 28.01.2022ж.

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка Тақырыбы: «Андардың қысқы тіршілігі» «Орманда

серуендейміз»**Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қыын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету..**Көрнекіліктер/материал:** құс туралы суреттер, Жануарлардың суреттері.**Қажетті құрал-жабдықтар:** үнтаспа, диск.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шенберін құрады.	Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді. Аманадасады.
2. Негізгі кезең	-Балалар, қыста адамдар қалай тоңбайды? Қалың киінеді. Жақсы. - Балалар, қыста кім кимейтін қандай тіршілік иелерін білесіндер? Балалар ойланып қалады. - Балалар, орманда өмір сүретін қандай тіршілік иелері бар? Балалар "аңдар" деп жауап береді. Дұрыс. - Жабайы андар қыста тоңа ма? Олардың жұндері қалың болады. Жарайсындар. – Олай болса, балалар, қыста тіршілік жағдайы қындаитын андарға да ілтипат білдірейік: Музыка тыңдау: Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» Ән айту: "Андардың айтысы" Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова. Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ Аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандаш жүру. тез, шапшаң қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, әнін айтқызу. андар хорын барлығы түгел айтады. Ойын: "Қасқыр мен көжек".Музыканы тыңдай отырып, әр	Балалар қыс туралы білгендерінше жауап берді. Балаларалған әсерлерін жеткізуге тырысады. Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді. Музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қимылдарды жасайды. Жеңіл әуенге көжектер жеңіл секіреді, қасқыр музыкасында қашуға

	аңдарға тән музыканы ажырата білу. Женіл көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу. Би: "Қасқыр мен қояндар". Көрініс би.	талпынады. Түсініктеме бойынша қымыл жасап, әуенде ыргақпен үйлестіре би қымылдарын жасайды.
3. Рефлексия	-Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйренді?-Ән сендерге ұнады ма? -Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? Кортындылау, бағалау, марапаттау.	Кортынды сұраптарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** .әр анға тән музыканы ажырата, тани білудері керек. **Түсінеді:** қыс қызығы туралы түсініктерді игереді. **Колданады:** музыканы есть отырып, сол музыкаға лайық қымыл жасауды менгереді.

Этікегер: *Олеңгүл Гүлшанғарова*

Отілетін күні: 02.02.2022ж. 04.02.2022ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Нота үйренейік»

Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі ренктерін ажырату. **Қолданылатын көрнекіті құралдар:** бес сызық, бес сызыққа орналасқан нота суреттері, балалар музыкалық аспаптар – бубендер мен металлофондар, нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** нота

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен женіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады. Музыкалық-ыргақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов)</p>	<p>Балалар шеңбер бойымен әуенге ілесіп, аяқты нақ басып, тізені көтере марш екпінімен жүреді.</p>
2. Негізгі кезең	<p>Музыка тындау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өндеген Т. Қоңыратбай). Халық әні туралы балаларға мәлімет беру. Өздерінің жақсы көрген адамына өз жүрек қалаудың әнмен жеткізіп отырған. Халық әндерін өздерінің жақсы көретін адамдарына ғана емес, атына, туған жеріне арнап жазғанын түсіндіру. Ән айту: «До-ре-ми» (Ә. Байділдаев). Музыка әлемі туралы кіріспе сөз айтып, балаларды музыкадан хабардар ету. Нота деген сөз музыка дыбыстарының қағаз бетіне түсірілген белгі екенін түсіндіру. Жеті нотамен таныстыру. Дыбысталуын үйретіп, ноталардың белгіленуін көрсету. Шығарманы орындалап, әннің сипаты, мәтіні туралы сұрау. Билер: «Көңілді ноталар» (чех халық әуені). Ойындар, хороводтар: «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын</p>	<p>Үйренген би қимылдарын әрі карай жалғастыру, есте сақтау.</p> <p>Әнге қосыла, дауыскы күш түсірмей орындауға үйретіп алады.</p>

	түсіндіреді. Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, олардың орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру. Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, аспапта орындалған таныс әуенде нота сызықтарына орналастыруға үйрету. Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындаған, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі көбірек ұнады	Көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** шығармаларды тындайды, қарапайым күй жанрларын ажыратады; ән орындаиды. **Түсінеді:** ән айту дағдыларын

Колданады: мәнерлі қимылдарды орындаиды.

Дүйнекер: Өткізу жағдайда 9.

Өтілетін күні: 09.02.2022ж.11.02.2022ж.

Оқу қызметін ұйымдастыруды технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашилық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Біздің аспаптар»

Мақсаты Ересектердің орындаудындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. **Қолданылатын көрнекіті құралдар:**

Құрманғазының суреті, балалар музыкалық аспаптары: бубендер мен металлофондар, нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** аспаптар .

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Музыкалық-ыргақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов).	Әуенде тыңдалап, ырғақты сезіне жеңіл жүргүре дағдыландыру. Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйретеді.
2. Негізгі кезең	Музыка тыңдау: «Балбырауын» (Құрманғазы). Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу. Күйдің шығу тарихын айттып беру. Эн айттар алдында даусыс жаттығуын жасап алып, әуенде таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).. Билер: «Шабандоздар би» (ұнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу би» (чех халық әуені). Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындейді. Жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуды үйретеді. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	Балалар әнді орындалап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдалап, әңгімеледі. Энді орындау кезінде бір-бірін тыңдалап, ұндаесіп айтуға көзіл аударады,

3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Қандай музикалық аспаптарда ойнадындар? - Кімге қандай музикалық аспаптар үнады?	Көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды
---------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады. **Тұсінеді:** регистр деген не екенін. **Колданады:** ырғақты, мәнерлі кимылдарды орындайды.

Дүйнекер: *Оңай жаңағанда.*

Өтілетін күні: 16.02.2022ж. 18.02.2022ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Ән салып, би билейміз». **Мақсаты :**Музыка сипатын ырғакты жүріспен,

музыканың шираф сипатын жеңіл, ырғакты жүгіріспен беру. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** музыкалық аспаптар, металлофон,nota хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** ән, би.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбандаپ, қасқырдай ырылдаپ жүреді. Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).	Музыка аудиосандарда өз беттерінше жаңа әуенге ілесіп қимылдар жасайды. Музыка әуеніне ілесіп, аяқта тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермен журу.
2. Негізгі кезең	Музыка тыңдау: «Балдырығандар маршы» (К. Куатбаев). Музыка тыңдалап, сипаты туралы сұрау, әуенде тыңдалап, қандай көніл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенде таза айтуда ұмтылу. Ән айту: «Балдырығандар әні» (Г. Жотаева). Балалармен әннің көніл күйін анықтау, сипатына көніл бөлү.. Билер: «Қөнілді би» («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ортада – «соқыртеке» «Соқыртеке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-	Балалар бидің қимылдарын өз беттерінше жасатып үйретеді, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын жасайды. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. ». Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке»

	<p>шумағын айтады, ойын қайталаңғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан "соқыртеке" болып қалады. Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). Алдымен балаларға әуендей ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау. Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Қандай музыкалық аспаптарда ойнадындар? - Кімге қандай музыкалық аспаптар ұнады?</p>	<p>Көтеріңкі көңіл құймен топтарына тарайды</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: ән орындаиды, әуеннің жоғарғы-төменгі қозгалысын ажыратады.

Түсінеді: музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді.

Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар орындаиды, билейд

Дәстүр: Амангельдинова Г.

Өтілетін күні: 23.02.2022ж 25.02.2022ж.

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тәкірыбы: «Домбыра сазы»**Мақсаты :** Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру **Қолданылатын көрнекі құралдар:**

казақтың ұлттық аспабы домбыра, металлофон, нота хрестоматиясы.

Полилингвальді компонент: домбыра

Қызмет кезендері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Көңілді әуенмен музыка залына келіп, женіл әуенмен жүгіру, жай жүру Музыкалық-ыргақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өндеген М. Раухвергер)	Бір бала ортаға шығып, түрлі қымылдарды көрсетіп тұрады, балалар айнаның көрсеткен қимылдарын музыкаға ілесіп жасайды
2. Негізгі кезең	Музыка тындау: «Келіншек» халық күйі (өндеген Б. Дәлденбай). Балаларға күй магынасын түсіндіру. Өлеңге қоспай-ақ әуенмен түрлі оқиғаларды суреттеуге болатынын түсіндіру. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенде таза айтуда ұмтылу. Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нұсіпбаев). Елдің жырын жырлаған, Қайғысын да толғаған, Домбырасыз ешқашан Жүрекке ем қонбаған, – деп халқымыз қасиет тұтқан аспап туралы әнді И. Нұсіпбаев ағамыз жазған. Педагог әнді орындаған, мазмұны	Балалар би өте көңілді, женіл, ойнақы биленеді

	<p>бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенде дұрыс бере білу. Билер: «Апатаіым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)..</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру. Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников). Педагог шығарманы орында, балалардан музыка ыргағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	Әнді асықпай, мәнеріне келтіріп орындау керек.
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайты. - Бүгінгі оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? - Ұлттық домбыра аспабының құрылышын білесіндер ме? - Домбырада қандай шығармалар орындалады?</p>	Көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке немесе топпен әндерді орындаиды. **Түсінеді:** домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді. **Қолданады:** әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптарда ойнайды

Этісінеге: Өткізу жағдайда 9.

Отілетін күні: 03.03.2022ж. 05.03.2022ж.

**Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта
Тобы: «Қызғалдақ» М.А.Д.**

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Жылғалардан су акты» «Қөнілді жаңбыр»**Мақсаты :** Музыкалық-ырғакты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қолшатырлар,nota хрестоматиясы. Полилингвальді компонент: жаңбыр

Қызмет кезендері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қол ұстасып, баюу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады. Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Көнілді балалар» литва халық әуені (өнд. Т. Ломова)..	Балалар музыканы тыңдайды, көнілді ырғакпен тізені жоғары көтеріп секіреді, серіппе жасайды, шапалақтайды, аяқ топылдатады
2. Негізгі кезең	Музыка тыңдау: «Жаңбыр шақыру» (Д. Ботбаев). Әуенде жаңбыр дауысын, тамшылардың дыбысын балаларға сезіндіру. Көктемі жаңбырды бейнелейтін суреттерін көрсету. Көктем ерекшеліктері туралы әңгімелуе. Жауын жауған кезде тағы қандай құбылыстардың болатынын сұрап, жауаптарын толықтыру. (Найзағай жарқылдал, күн күркірейді). Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев). Педагог өлең жолдарын оқиды. Күркіреді күн, күн, Терезелер шың, шың, Жауды жаңбыр төк-төк,	Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенде таза айтуға тырысады. Әуеннің сипатын, екпінін, көніл қуйін

	<p>Шелек-шелек көп, көп. Жон арқаңды тос, тос, Күнбағыс, тез өс, өс. Педагог әнді орындаپ, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әуеннің сипатын, екпінін, көңіл күйін ажырату. Балалардан жаңбырдың қандай пайдасы бар екенін сұрау. Әнді көңілді, жеңіл айтуға жетелеу.</p> <p>Билер: «Көңілді қолшатырлар би!» (педагогтің тандауымен үнтаспада). Қолшатырдың көмегімен балалар жаңбырдан қалай қорғанатынын би қимылдары арқылы көрсетуге тырысады.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр». Педагог ойын шартын түсіндіреді. Музыка әуеннің аудиосына балалардың тез бейімделуін қадағалау.</p>	ажырату
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадактайтынды. - Бүгінгі ҰОҚ-да не ұнады? – Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктері бар екен?</p>	Көтерінкі көңіл күймен топтарына тараиды

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке немесе топпен
әндерді орындаиды.

Түсінеді: домбыраның, күй ұнінің ерекшелігін түсінеді.

Қолданады: әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспалтарда
ойнайды

Дүсінкер: *Оңай жағындаға!*

Өтілетін күні: 09.03.2022ж

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Менің сүйікті анашым» **Мақсаты** : Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету. Анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** Е. Хасанғалиевтің портреті, аналардың суреттері, түрлі түсті ленталар; ұрмалы аспаптар – асатаяқ, биге арналған «сабау»-таяқшалар, нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** ана ,анашым

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, шеңбер бойымен жүріп, әуен аудиосанды әуенге сай кимылдар жасап, шеңбер құру. Музыкалық-ыргактық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).	Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға, ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады.
2. Негізгі кезең	Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу. Балаларға әртүрлі көніл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру. Музыка тыңдау: «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева). Әнді тыңдал болып, әннің кім туралы айттылып отырғанын сұрау. - Музыканың көніл күйі, сипаты қандай? - Музыка тыңдал отырып сендер ана туралы не ойладындар? Ән айттар алдында дауыс жаттығуын орындағыш, әуенде таза айтуға ұмтылу. Ән айту:	Балалар әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенде дұрыс үйренеді Кыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады. Кыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап, Бір қатарға тізіліп, тізерлең отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды,

	<p>«Анашым» (Е. Хасанғалиев). Педагог әнді орындалап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. - Әнді тындағанда қандай әсерде болдындар? - Әннің көңіл күйі қандай? - Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады?. Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай). Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шенберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалакпен қимылдар жасайды.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Педагог шығарманы орындалап, балалардан музыка ыргағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>	<p>«сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді. Таяқшаны жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жұнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді. Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады. Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оку қызметінде қандай музыка тындастық? Не ұнады?</p>	<p>Көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындаиды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.

Түсінеді: әннің мазмұнын түсінеді.

Көлданады: таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындаиды

Дүйнекер: *Алғыс жағымдағы 9.*

Өтілетін күні: 11.03.2022ж. 16.03.2022ж. 18.03.2022ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Наурыз -жыл басы»

Мақсаты: Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру.

Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: наурыз дастарқаны, ұлттық тағамдар, нота

хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** ұлттық мереке – национальный праздник

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар мерекелік музыкамен залға келеді, вальс ырғағымен жұптасып айналып, орын ауыстырып жеңіл қимылдар жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар би» (Е. Тиличеева).	Балалар музыкаға ілесіп, қорбандаپ, аудың жүрісін салады.
2. Негізгі кезең	Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса). Балаларға Жаяу Мұса туралы қысқаша түсінік беру, неліктен жаяу аталғанын түсіндіру. Әнді тыңдал болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау. Балалармен наурыз мерекесі туралы әңгіме өткізу. Бұл мереке күн мен түннің тәңелуімен, табиғаттың жаңаруымен байланысты екенін ұғындыру. Мерекеде жасалатын наурыз көже туралы айту. Дастарқанда дәміміз, Жайдарымыз бәріміз. Көжесі көп, қыры көк – Қандай жақсы наурыз. Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов). Педагог әнді орындал, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуда үйретеді. Билер: «Камажай» халық әуені (өндеген Н.	Ән айттар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуда үмтүлады. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Халық биінің элементтерін үйрену: жүн туту, ұршық иіру, жүнді сабау. Қолды білек буынанан бұрап жаттығу жасап үйретеді.

	<p>Мендиғалиев). Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшіктегі құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы ойналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шенберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады. Аттар музыкасы ойналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады. Қояндардың музыкасы ойналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады. Соңында аюдың музыкасы ойналғанда аю қорбандалп шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады. Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындаң, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадактайты. - Наурызға байланысты қандай салт-дәстүрлерді білесіндер? - Бүгінгі ҰОҚ қандай музыка тыңдадық? - Наурыз тойын қалай тойлайды?</p>	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.

Түсінеді: Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді.

Көлданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын

Дүйнегер: Өмбөд жаңайтаста.

Отілетін күні: 25.03.2022ж.30.03.2022ж..

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Тобы: «Қызғалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Көктем гүлдер»

Мақсаты; Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу

Көрнекіліктер/материал: атақты суретшілердің шығармаларынан ана суреттері.

Қажетті құрал - жабдықтар: гүлдер, қоңырау, Интербелсенді тақта, дидактикалық ойынға арналған

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Балалар залға Е. Тиличееваның «Марш» шығармасы әуенімен қатар түзеп кіреді. - Балалар, Табиғат гүлге оранды. Ал сендер гүлдерді жақсы көресіндер ме? Иә, балалар, гүлді барлық адамдар жақсы көреді. Жарайсындар, балалар! Гүл не үшін керек деп ойлайсындар, балалар? Әдемілік үшін, адамдарға сыйға тарту үшін. Дұрыс айтасындар, балалар! Гүлдерді жұлуға болмайды, оларды аялап күту керек.</p> <p>- Балалар, бәрің тақтаға қарандаршы?!</p> <p>Балалар тақтаға қарап, көп гүлдерді көріп, қызығып кетеді.</p> <p>- Үнай ма, гүлдер, балалар? Иә.</p> <p>- Міне, жарайсындар! Қазір балалар, музыка әуенімен қимылдар жасап, тынығып алайық</p>	<p>Музыка жетекшісі балалардың адымдау кезінде денені тұзу, басын жоғары көтеріп, тік ұстау қажеттігін және тізені жоғары көтеру керектігін ескертеуді.</p> <p>Балалар адым әуенімен залдағы кілемнің ортасына келіп тұрады да, үлкен шеңбер жасайды.</p> <p>Гүлдермен би қимылдарын нәзік, жеңіл орындаиды.</p> <p>Гүлдердің әсемділігін қимылмен жеткізуге тырысады.</p>
2.Негізгі кезең	<p><i>Музыка тыңдау:</i>" "Қоңыраулар үні" Вольфганг Моцарт. Музыка</p>	<p>Балалар суретке қарап, қоңырау екендігін</p>

	<p>жетекшісі балалардың назарын тақтаға аударады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, тақтадан нені көріп тұрсындар? - Гүлді. Жақсы. - Балалар, қандай гүл? Балалар ойланып қалады. Балалардың ойлануына мүмкіндік бере отырып, музика жетекшісі балаларға тағы да сурет көруді ұсынады: - Балалар, енді мына суретке назар аударайықшы?! Балалар, тағы да екі суретке қараңдаршы, екі сурет бір-біріне ұқсай ма? Ұқсайды. Дұрыс. - Балалар, гүл мен қоңырау бір-біріне ұқсаса, гүл қалай аталады деп ойлайсындар? Балалар ойланып қалады. - Балалар, екі суреттің түстері ғана әртүрлі, аталуы бірдей. Балалар жарыса "қоңырау" деп жауап береді. - Әрине, балалар, бұл гүл далада өсетін жабайы қоңыраугүл. Қоңыраугүлдер маусым айының ортасынан бастап пайда болады. - Балалар, осы қоңыраулар туралы әдемі музика бар, сол музыканы естіп көрейікші? Шығарма "Қоңыраулар үні" деп аталады. Шығарманың авторы австриялық классик композитор Вольфганг Моцарт. - Балалар, бәріміз композитордың аты-жөнін қайталайықшы, классик композитор Вольфганг Моцарт. Тамаша. - Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз, Уш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын. <p>Ойынның шарты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Музика жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл-күйіне сай гүлді алыш шығады. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманың атын және де сазгерін атайды. Ән салуA. Асылбеков «Біз өмірдің гүліміз» әні.Музыкалық аспаптарда ойнау; B. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» 	<p>айтады.</p> <p>.</p>
3. Рефлексия	<p>Балалар, оқу қызметінде қандай шығарма тындастық? B. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын.</p> <p>- Қандай ән айтуды үйрендік? «Біз</p>	<p>Ойларын жеткізе әңгімелеп, сұрақтарға жауап береді.</p>

	<p>өмірдің гүліміз» әнін.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, табиғат деп нені айтамыз? Бізді қоршаган орта, дұрыс айтасындар. - Ал гүлдер қандай болады, балалар? Әдемі, нәзік, хош иісті болады. - Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Сау болындар! 	
--	--	--

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** музыкалық шығармаларды тыңдаپ, салыстыру. Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза, тембірін сезіне орындау.

Түсінеді: әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді

Қолданады: әнді таза орындаپ, эмоциясын көрсетуді, түрлі сипаттағы, ауыспалы әнді мәнерлеп айтуды.

Дүйнегер: *Оңай жаңғаекте 9.*

Отілетін күні: 01.04.2022ж. 06.04.2022ж.

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.Білім облысы:

Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Қайырлы таң»

Мақсаты; Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. **Қолданылатын**

көрнекі құралдар: музыкалық аспаптар, Дина Нұрпейісованың суреті, нота

хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** қайырлы таң

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар марш екпінімен тұзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова).	Балаларды шенбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе женіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып женіл секіру
2.Негізгі кезең	Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова). Дина Нұрпейісованың суретін қөрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу. Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге үмтүлдіру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру. Эн айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып,	Балалар қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру.

	<p>әуенде таза айтуға үмтүлу. Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров). Педагог әнді орындаған, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенде дұрыс бере білу. Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.. Билер: «Теңізшілер » биі(В. Питерцев). Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозгалыстарына мән беріп ойнайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (M. Раухвергер). Педагог шығарманы орындаған, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.</p> <p>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>Женіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музикалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамытады.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі үнады?</p>	

Күтілетін нәтиже: Жасайды: әуенге ілесіп би қимылдарын жасайды. Түсінеді: музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолданады: музиканың сипатына сәйкес қозгалады

Этісінде: *Оңай жағындаға!*

Өтілетін күні: 08.04.2022 ж 13.04.2022 ж

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Гарышқа саяхат»

Мақсаты: Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру.

Балаларға Гарыш және гарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту.

Көрнекіліктегі: гарыш, гарыш кемесін бейнелейтін суреттер. Ю.Гагарин, Т.Әубакіров, Т.Мұсабаев суреттері

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Балаларға <i>Marii</i> (Е.Марченко) екпінімен, тұлғаларын тұзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады.</p> <p>Әуенді-ырғақты қимылдар көрсетіледі.</p> <p>«<i>Кел, билейік</i>» (В.Комарова) ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяқта женіл секіртпелі қимыл жасауды, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіру (боковой галоп) қимылдарын үйретеді.</p> <p>12 сәуір - Гарышкерлер күні екенін айтып, гарыш бейнеленген суретті көрсетеді. Жетекші балаларды гарышқа саяхатка шақырады.</p>	<p>Гарышкерлер күні туралы біліп, тусінік алады.</p> <p>Әуен ырғағын сезіне қозғалып, мәнерлеп көрсетеді.</p>
2. Негізгі кезең	<p>-Міне, енді шынығып, ұшуға дайынбыз.</p> <p>Скафандрларын киіп, ұшуға дайындық</p>	<p>Әуенді тыңдалап, ерекше үндерді естіп, сезінеді.</p>

	<p>жасалады. Үнтаспадан «<i>Гарыш кемесінде</i>» әуені ойналып, балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қимылын ырғакты сезіне көрсетуді ұсынады.</p> <p>-Міне, белгісіз планетаға тап болдық. «<i>Фантастикалық би</i>» (Р.Шуман) ойналып, балаларға робот қимылдарын өз білгендерінше көрсетуді сұрайды. Р.Шуман туралы түсінік береді.</p> <p>-Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай, Юпитер, т.б.)</p> <p>-Айға ұшатын бала туралы ән айтып берейін, мұкият тындандар!</p> <p>Музыка тыңдау: «<i>Айды аперши, анатай!</i>» (Е.Өміров, Ә.Тұрманжанов) әнін орындалп береді. Әннің мәтінін, сипатын түсіне әңгімеледі ұсынады.</p> <p>-Гарыш деген не?</p> <p>-Қандай гарышкерлерді білесіндер?</p> <p>-Гарыш айлағы қай жерде орналасқан?</p> <p>-деген сұрақтар қойып, толық мәлімет береді. Тұңғыш гарышкер Ю.Гагарин, Т.Әубекіров, Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді, мәлімет береді.</p> <p>Ән үйрену: «<i>Гарышкер боламыз</i>» (С.Мұхамеджанов, Ш.Мұхамеджанов). Әннің мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Жылдам екпіні мен ырғағына мән береді. Секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға ерекше көңіл аударады. Әуенді-қимылды ойын: «<i>Роботтар кемесінде</i>». Үнтаспада робот қимылына сай әуен ойналып, балалар робот қимылдарын көрсетеді. Әуен тоқтағанда, өз «кемелеріне» отырып ұлгерулері тиіс. Гарыш кемесі ретінде құрсауларды қолдануға болады.</p>	<p>Көздерін жұмып, өздерін гарыш кемесінде отыргандай сезінеді.</p> <p>Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді. Гарышкерлер туралы мағлұмат алдып, Байқоныр туралы біледі.</p> <p>Тақпақты қайталап, еске сақтауға, жатқа айтуға үйренеді.</p> <p>Дауыс жаттығуларын женіл, әндете орындаиды. Балалар сұрақтарға жауап беріп, көңілдері көтеріледі.</p> <p>Жаңа әнді үйреніп, мәтінін түсінеді.</p> <p>Әуенін сезіне, таза, анық айтуға үйренеді.</p> <p>Әнді тындалп, сипатын ажыратады.</p> <p>Ән мазмұнын түсініп, әңгімелей алады.</p> <p>Робот қимылын өз еріктерінше көрсетіп, билейді.</p> <p>Балалар кемеге отырып, «ұшады». Оркестрде ойнауды жалғастырады.</p>
3. Рефлексия	<p>- Гарыш айлағы қай жерде орналасқан? Қандай гарышкерлерді білесіндер? Балаларды мадақтап, белсене қатысқан балаларды атап өтеді. Үйде «Гарышта» немесе «Зымыран» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.</p>	<p>Көңілді биді өз калауынша би қимылдарымен мәнерлеп билейді.</p> <p>Ырғакты сезіне қимылдайды.</p> <p>Балалардың жауабы.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: .эр сипаттағы шығармаларды тыңдауды, классикалық музыканы ажырата білу, тыңдаған әуенде әңгімелей білуді.

Тұсінеді: ғарыш, ғарышкерлер, ғарыш айлағы туралы түсінік, түрлі сипаттағы әндерді анықтауды.

Жүлдекер: *Анна Григорьевна Г.*

Өтілетін күні: 15.04.2022ж.20.04.2022ж

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: Алуан алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл! «Ақ әжем»

Мақсаты: Музыкалық-ырғакты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. Улкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу **Қолданылатын көрнекі құралдар:** «Әже мен немересі», «Мениң әжем» суреттері, ұрмалы аспаптар, нота хрестоматиясы.

Полилингвальді компонент: әже

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	<p>Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен женіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов).</p>	<p>Балалар шенбер бойында жүріп, қолды белге қойып, сағат тілі секілді онға, солға иліп, сол ырғакпен ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.</p>
2. Негізгі кезең	<p>«Әже мен немересі», «Мениң әжем» суреттерін көрсету. Балалармен отбасындағы анамыздың, әкеміздің аналары – әже туралы сұхбат жүргізу. Әжелеріңің сүйікті немересіндер, оларға қамқор болуды ұмытпаңдар.</p> <p>Музыка тыңдау: «Ақ әжем» (К. Куатбаев). - Әнде кім туралы айттылып отыр? - Ән қандай көңіл күйде</p>	<p>Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғактық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс. Балалар полька қимылдарын жасату, аяқты тізеден</p>

	<p>жазылған? - Эжелерің сендерді қалай еркелетеді? Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуені таза айтуға үмтүшілү. Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Коңыратбай). Әннің мәтінін балаларға түсіндіріп, әуенін үйрету. Ән айту кезіндегі ережелерді еске түсіріп, бір-бірін тыңдай отырып, қатты айғайламай, мәнерлеп айту. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру. «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нұсіпбаев), ән сөздерін анық айтуға, ән ыргағымен орындауға баулу. Билер: «Полька» эстон халық біi. Ойындар, хороводтар: «Коянды ұстандар» (К. Куатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді.. Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық біi. Педагог шығарманы орында, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді</p>	<p>бүгіп жоғары көтеру дағдыларын қайталап үйретіп алады .</p> <p>Балалар шеңбер бойында тұрады да, ортада бір бала қоян болады, ортадағы қоянның қимылдарын шеңберде тұрған балалар қайталайды. Қоян шеңберден шығуға тырысады, балалар жібермейді.</p> <p>Балалар аспапта ойнағанда ырғакты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? - Әже деген кім? Өз әжелерің туралы не айта аласындар</p>	<p>Балалар топтарына тарайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: ән орындаиды, сөздерді анық және таза тыныс алғып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.

Түсінеді: сезіммен, ырғактық бейнесін сақтау отырып айтуды.

Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.

Зерткескер: *Ахметжанова Г.*

Өтілетін күні: 22.04.2022 ж 27.04.2022 ж

Оқу қызметін ұйымдастыруды технологиялық карта

Тобы: «Қызғалдак» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Көліктер».

Мақсаты: Жолда жүру ережелерін қатаң сақтауға, ән –күйлерді тынданту, қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажыратада білуге үйрету

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залға кіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады..	Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді.
2. Негізгі кезең	Ән тындау: «Көліктер дауысы» Дауыс жаттығуы: «Жоғары - төмен» Ән салу: «Тұлпарым» (Б. Бейсенова) Муз ырғақты қимыл: «Жұптасып билеу».	Балалардың эмоциялық көңіл-күй музика сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.
3. Рефлексия	Қортындылау, бағалау.	Балалар топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Жолда жүру ережелерін қатаң сақтауға

Түсінеді: ән –күйлерді тынданту, қабылдау

Қолданады: есте сақтау және музыкалық жанрды ажыратада білуге үйрету

Дүйсекер: Айнур Гұланғызықова

Отілетін күні: 04.05.2022ж.05.05.2022ж.

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Бір шаңырақ астында»

Мақсаты: Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту және әр ұлттардың әндері мен билері туралы қысқаша мәлімет беру. .

Көрnekіліктегі материал: Ұлт өкілдер суреттері, аспаптар, таспалар.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Музыка жетекшісі залға кірген балалардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында: - Балалар, көңіл-күйлеріңін жақсы екенін бет-әлппеттеріңнен көріп тұрмын, бүгін бәрің тамаша болып тұрсындар! Балалар да көңілденіп қалады. Енді, тұрған орындарында ақырын ойнап тұрған әуенмен ыргала тұрып, мен қойған сұрактарға жауап береміз: - қайталап отырады.	Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбаңдал, қасқырдай ырылдал жүреді
2. Негізгі кезең	Бір шаңырақ астында деген сөзді қалай	Балалар би ырғағын көріп,

	<p>түсінесіндер? Бір елде немесе бір отбасында деген мағына. Керемет, жарайсындар! Музыка жетекшісі интербелсенді тақтадан ұлттар бірлігі туралы бейнелі суреттер көрсетеді, - Балалар, мына көріністе нені байқап тұрындар? Көп ұлтты. Тамаша! - Балалар, суретте бір шаңыраққа байланысты нені байқауға болады? Бір Балалар, біздің еліміз көп ұлтты мемлект, солай ма? Иә. Демек, көп ұлтты халық жиналған мемлекет бір шаңырақ болып табылады. - Олай болса, балалар, халықтар достығына жақсы көңіл-күй сыйлайық: - Көңілдіміз бәріміз (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Ақ, сарымыз бәріміз (балалар қолдарын көкіректеріне қояды). - Бір шаңырақ астында (балалар қолдарын жанына жібереді), - Дос болайық бәріміз (балалар қолдарын айналдырады). Балалар музыка жетекшісімен бірге қимылдарды Ән тыңдау: «Тату доспыз бәріміз» (Е. Менделев, Ф.Оңғарсынова) Ән айту: «Достық» (И. Нұсіпбаев, Е. Елубаев). Музыкалық ырғақты қимыл: Әр ұлт өкілдерінен би үзінділері Аспапта ойнау: «Бипыл»</p>	<p>тыңдауға тырысады.</p> <p>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Балалармен әннің көңіл қүйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайты. Бүгін қандай музыка тыңдал, қандай ән үйрендік? Сендерге осы оқу қызметтінің қай болімі көбірек ұнайды?</p> <p>.</p>	<p>Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп. өз ризашылықтарын білдіреді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жасайды:

музыка тыңдал, сипаттарын ажырата білу керек. Әнді мәнерлеп айтып, сезіне біледі.

Игереді: мұзыка әуенін театырда тыңдай білуді, әртістердің әртүрлі жанырдагы ойындарын.

Көлданады: музыка ырғағымен би түрлерін жасауды.

Задіскер: Әннің жаңайтында.

Отілетін күні: 06.05.2022 ж 11.05.2022 ж.

Оқу қызметін ұйымдастырудың технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Такырыбы: «Бейбетшілік қорғананда»

Мақсаты: Музыка арқылы батырлыққа, ерлікке тәрбиелеу Музыка арқылы балалардың патриоттық сезімдерін ояту. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** үнтаспа, ұландар туралы көріністер, нота хрестоматиясы. **Полилингвальді компонент:** әскер

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекет
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова).	Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Женіл, ойнақы қимылдайды.
2. Негізгі кезең	Балалармен Отан қорғаушылар – ұландар туралы интерактивті тақтадан көріністер көру. Музыка тындау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Куатбаев). Музыка	Биге үл балалар қатысады. Музыка ырғағына ілесе, қолдарын шекелеріне

	<p>тыңдап, қандай әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуендей таза айтуға үмтүлу. Ән айту: «Балаларды корғаймыз» (А. Досмағанбет). Педагог әнді орындалп, мазмұны бойынша әнгіме өткізеді. - Балаларды кімдер қорғайды? - Өскенде сендер Отанымызды корғайтын, кішілерге қамкор, нағыз батыр боласындар. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуендей дұрыс бере білу. Билер: «Теңізшілер бій» («Билеп үйренейік» жинағынан).</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын бастаушы немесе тәрбиеші ойынды жалғастырады. Әуен ойнағанда қақпа ортасымен өтіп, өзіне жұп таңдап алып, қақпаның соңына тұрады. Жұпсыз қалған бала дәл солай ойынды жалғастырады. Кенеттен әуен тоқталады, жұп тауып үлгермеген бала өз айыбын өнер көрсетіп өтейді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (И. Штраус). Педагог шығарманы орындалп, балалардан музыка ырғағына сәйкес кол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>қойып шығады, аяқты бүкпей тік ұстап, бинокльмен қарап, ескеек есіп, отырып-тұру қимылдарын жасайды.</p> <p>Балалар жұптасып, бір-біріне қарап тұрады. Көңілді әуен ойналып, балалар жұптарымен қол ұстасқан күйі "Алтын қақпа" жасап, бір қатарға тұра қалады.</p> <p>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Оқу қызметін қорытындылап, балалармен көріністі талдап, балаларды мадақтау.</p>	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: ән орындаиды, музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би билейді.

Түсінеді: әуенниң жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.

Колданады: ойын ойнаудың қарапайым дағдыларын, аспаптарда ойнайды.

Дүйсекер: *Анна Геннадьевна Г.*

Өтілетін күні: 13.05.2019ж.18.05.2022ж

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Тобы: «Қызығалдақ» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Біз мектепке барамыз»**Мақсаты:** Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Колданылатын көрнекі құралдар: аспаптар, мектеп құралдары, нота хрестоматиясы.**Полилингвальді компонент:** мектеп

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар көңілді әуенге шеңбер болай қолдарын белге қоя жүріп залға кіреді Сәлемдесу. Балалар музыка аспабына қосыла әуендете сәлемдесу	Би ырғағын сезіне, шеңбер бойымен жеңіл жүріп, жарты шеңбер болып тұрады
2. Негізгі кезең	. Музыкалық-ыргақтық қимылдар: «Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, ұнтаспада). Педагог балалармен балабақша және мектеп туралы әңгіме өткізеді. Балалар сүйікті балабақшасы туралы тақпақтар айтады. Музыка	Ұлдар қыздарды әдеппен биге шакырады. Бір қадам алға, бір қадам артқа орын ауыстыру, айналу, ұлдар отырып, қыздар ұлдарды

	<p>тындау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов). Музыка тындалап, қандай көңіл күйде орындалғанын, жылдамдығы қалай екенін сұрау. «Сендерге жақсы көңіл сыйлады ма?» – деп сауал қою. Эн айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алғып, әуендей таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Қош, балбұлақ балабақшамыз» (Б. Жұмабекова). Педагог әнді орындалап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. - Энде не туралы айтылған? - Эннің көңіл күйі қандай? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үретеді.. Билер: Биді балалардың қалауынша қайталау. Ойындар, хороводтар: «Кім мектепке тез жиналады». Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өндеген Т. Попатенко). Педагог шығарманы орындалап, балалардан музика ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.</p>	<p>айналады, би сонында ұлдар қыздарды орындарына отырғызып, өздері жанына жайғасады.</p> <p>Энді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуендей дұрыс бере білу</p> <p>Балалардың жылдамдығын, ептілігін тексеру. Ойынға екі бала шығып, мектеп күралдарын біртіндеп портфельге жинаиды. Кім бұрын жинаса, сол жеңіске жетеді.</p>
3. Рефлексия	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - ҰОҚ қай бөлімі сендерге көбірек ұнады? - Қандай әндер, билер үйрендіндер? - Жаңа әннің көңіл күйі, сипаты қандай екен?</p>	<p>Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдірді. Қоштасады.</p>

Күтілетін нәтиже: **Жасайды**: өз беттерінше әнді таза айтып, қимылдарды ойдан шығарып жасайды. **Түсінеді**: музикалық жанrlарға тән белгілерді. **Қолданады**: үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады.

Зерткіштер: Айнур ғалебетова 9.

Тобы: «Қызгалдак» М.А.Д.

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка Тақырыбы: «Жайдарлы жаз келді»

Мақсаты: Ән арқылы балаларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу. Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
1. Ұйымдастыру кезеңі	Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, коянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбандал, қасқырдай ырылдан жүреді. Музыка аудиосандар өз беттерінше жана әуенге ілесіп қимылдар жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).	Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермен журу.
2. Негізгі кезең	Музыка тыңдау: «Балдырығандар маршы» (К. Куатбаев). Музыка тыңдал, сипатты туралы сұрау, әуенді тыңдал,	Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Балаларға
	қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айттар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Балдырығандар әні» (Г. Жотаева). Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену. Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. "Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады.. Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға үқсайтындарын сұрау. Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.	бидің қимылдарын көрсету, өз беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке». Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады.
3. Рефлексия	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайады. Бүгін қандай музыка тыңдал, қандай ән үйрендік? Сендерге осы оқу қызметінің қай бөлімі көбірек үнайды?	Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдірді. Коштасады.

Күтілетін нәтиже: **Жасайды:** ән орындауды, әуенниң жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады. **Түсінеді:** музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді.

Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар орындауды, билейди

Зерттеуші: *Айнур Галымова*